

Байғанин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 58 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) бұйрығына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Байғанин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Байғанин ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин аудандық
мәслихатының төрағасы*

М. Сержан

Байғанин аудандық мәслихатының
2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 58
шешіміне 1 қосымша

Байғанин ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,95

2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,45
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,13
4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,4
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,22
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,02
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,81
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,11
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,64
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,2
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,13
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,13
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,21
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,8
15.	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,82
17.	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0

18.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0
19.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,5
20.	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,04
21.	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,44
22.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	0,11
23.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,3
24.	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0
25.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,8
26.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесы	Жалпы алаңы 1 м2	0,13
27.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,13
28.	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,13
29.	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,26
30.	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,8
31.	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0

Байғанин аудандық мәслихатының
2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 59
шешіміне 2 қосымша

Байғанин ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

№	Атауы	Есептеу бірлігі	Қызмет құны, теңге
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	тұрғын/айына	230,77
3	Жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1 м3	2914,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК